

ӘОЖ 338.
ҒТАХР 06.71.03

**ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ ӨНЕРКӘСІБІНІҢ
ДАМУ БАҒЫТТАРЫ
Ұ.Р. Маханбетова¹**

¹*Халықаралық қазақ – түрік университет, Түркістан қаласы, ҚР*

**НАПРАВЛЕНИЯ РАЗВИТИЯ ПРОМЫШЛЕННОСТИ
ЮЖНО – КАЗАХСТАНСКОЙ ОБЛАСТИ
Маханбетова У.Р.¹**

¹*Международный казахско – турецкий университет, Туркестан, РК*

**DIRECTIONS OF DEVELOPMENT OF THE INDUSTRY
IN SOUTH KAZAKHSTAN REGION
U.R. Mahanbetova¹**

¹*International Kazakh – Turkish University, Turkestan, KR*

Аңдатпа

Өнеркәсіп өндірісі өнімдері қоғамның тұтыну өнімдері және өндірістің өнімдерді өндіретін фирмалар, зауыттар мен кәсіпорындар және акционерлік қоғамдар, сонымен қатар, өнеркәсіп халық шаруашылығының салаларының бірі болып табылады

Нақты мақалада аймақта өнеркәсіпті дамытудың экономикалық мәні мен факторлары зерттелген. Өнеркәсіптердің орналасуына әсер ететін көптеген факторлар да ел экономикасының дамуына сәйкес әрдайым өзгерісте болатындығы жайлы айтылған. Әсер етуші техникалық, технологиялық, әлеуметтік, құқықтық, экономикалық, инвестициялық, инновациялық, қаржылық факторларға көңіл бөлінген.

Өнеркәсіп өндірістерінің саясатының мақсаты жаңа техникалар мен технологиялардың және материалдардың базалық өндірістерін сақтау мен дамыту, жандандыру болуы тиіс. Осы өндірістер Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуының және мемлекет экономикасының дамуының негізін құраушысы болып табылады.

Аймақ өнеркәсібін дамытудың құрылымына үлгі ұсынылған. Аймақ өнеркәсібін дамыту және оған әсер ететін факторлар анықталған. Аймақ өнеркәсібін дамытуды жүзеге асыру ерекшелігі қарастырылған. Оңтүстік Қазақстан облысы өнеркәсібінің Республикалық деңгейдегі өнеркәсіп саласының жағдайы мен орны және маңыздылығы Оңтүстік Қазақстан облысы өнеркәсіптерінің жағдайы және өнеркәсібінің дамуына жан жақты талдау жасалынған.

Қорытынды жасау үдерісінде теориялық талдаудың арнайы әдістері (жүйелік – құрылымдық, салыстырмалы – құқықтық), қисынды танымның негізгі әдістері (анализ, синтез, жалпылау), тарихи, әлеуметтік, теориялық, эксперименталдық әдістер қолданылды.

Түйінді сөздер: өнеркәсіптік кәсіпорындар, тұрақты даму тетіктері, саяси бағыт, жетекші күш, өндіріс құрал – жабдықтары, электр энергетикасы, өнеркәсіптің дамуы, принциптер, факторлар, аймақ өнеркәсібі.

Аннотация

Промышленность – важнейшая отрасль народного хозяйства, оказывающая решающее воздействие на уровень развития производительных сил общества. Отраслевая структура промышленности – состав и долевое соотношение различных отраслей и видов производства, входящих в неё, а также динамика изменения этих долей.

В данной статье исследованы экономическая сущность и факторы развития промышленности в регионе. Акцентируется внимание на то, что факторы влияющие на местонахождение предприятия, также влияют на развитие экономики в целом. Такие факторы как, технические, технологические, социальные, правовые, экономические, инвестиционные, инновационные, финансовые.

Целью политики промышленных предприятия является сохранение базовой продукции предприятия и развитие новых технологий.

Представлен модель структуры развития промышленности региона. Развитие промышленности региона и выявленные факторы влияющие на него. Особенностью реализации программы развития промышленности региона. Место и значимость промышленности в Южно – Казахстанской области на Республиканском уровне и состоянии отрасли промышленности. Анализ всестороннее развитие промышленности и промышленности Южно – Казахстанской области.

В процессе анализа использовались специальные методы теоретического анализа (системно – структурный, сравнительно – правовой), основные методы логического познания (анализ, синтез, обобщение), исторический, социологический, теоретический и экспериментальный.

Ключевые слова: промышленные предприятия, механизм стабильного развития, политическое направление, опережающая сила, инструменты предприятия, электроэнергетика, развитие предприятия, принципы, факторы, региональная промышленность.

Annotation

Industry is the most important branch of the national economy, which has a decisive impact on the level of development of the productive forces of society. Industry structure – composition and share ratio of various industries and types of production included in it, as well as the dynamics of changes in these shares.

This article examines the economic nature and factors of industrial development in the region. The attention is focused on the fact that the factors affecting the location of the enterprise also affect the development of the economy as a whole. Such factors as technical, technological, social, legal, economic, investment, innovation, Finance.

The purpose of the policy of the industrial enterprise is to preserve the basic products of the enterprise and the development of new technologies.

The model of the regional industry development structure is presented. Development of industry in the region and the identified factors affecting it. A feature of the implementation of the program of development of industry in the region. The place and importance of industry in the South Kazakhstan region at the National level and the state of the industry. Analysis of the comprehensive development of industry and industry of South Kazakhstan region.

Special methods of theoretical analysis (system – structural, comparative – legal), basic methods of logical cognition (analysis, synthesis, generalization), historical, sociological, theoretical and experimental were used in the process of analysis.

Key words: industrial enterprises, mechanism of stable development, political direction, leading power, enterprise tools, power industry, enterprise development, principles, factors, regional industry.

Кіріспе

Өнеркәсіптік кәсіпорындардың тұрақты даму тетіктерін жетілдіру мәселелерін зерттеу, әсіресе, «кәсіпорынның тұрақты дамуды» экономикалық аспектіде нақтылап анықтауды қажет етеді.

ҚР Президентінің «Қазақстан – 2050» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауының саяси бағыттарының бірінде «Ұлттық экономикамыздың жетекші күші – өнеркәсіпті жан – жақты тұрақты дамытуда» – деп атап көрсетеді [1].

Өнеркәсіп – ол ел экономикасының халық шаруашылығында негізгісі болып табылады және нақтырақ айтатын болсақ, өнеркәсіп өндірісі өнімдері қоғамның тұтыну өнімдері және өндірістің өнімдеріді өндіретін фирмалар, зауыттар мен кәсіпорындар және акционерлік қоғамдар, сонымен қатар, өнеркәсіп халық шаруашылығының салаларының бірі болып табылады [2].

Өнеркәсіпте негізінен өндіріс құрал – жабдықтарын шығаратын (отын, металл, машиналар мен құрал – саймандар): энергетика, металлургия, машина жасау және т.б. басты рөл атқарады. Оларды ауыр өнеркәсіп деп атайды («А» тобы). Әсіресе, маңыздылары машина жасау (онда жаңа машиналар мен құрал – саймандар жасалады), химия өнеркәсібі (жаңа материалдар) және электр энергетикасы. Олар экономиканың барлық салаларындағы ғылыми – техникалық прогресті анықтайды, сол үшін оларға

салалардың «авангардтық үштігі» деген «атақ» берілген. Халық тұтынатын тауарларды өндіретін салаларды (азық – түлік, киім, аяқ киім), «Б» тобына жатқызады. Онда тамақ және жеңіл өнеркәсіптері ерекше орында [3].

Қазақстандағы жалпы өнім өндіру көлеміндегі «А» тобының үлесі 80 % – ға жетті. «Б» тобы одан едәуір артта. Мұнымен шет елден азық – түлік пен тұтыну заттарын ауыр өнеркәсіп тауарларына айырбастап, сатып алу байланысты. Елге ондай айырбастың баға «қайшысына» байланысты пайдасы жоқ. Көптеген дамыған елдерде «А» тобы салаларының үлесі 50 %, немесе одан да аз. Өнеркәсіп салаларын, сонымен бірге, өндіруші және өңдеуші салаларға бөлу қабылданған. Біріншілері жер қойнауынан (тау – кен өнеркәсібі), судан (балық және су аңдарын аулау), орманнан (ағаш дайындау) шикізат өндіреді, ал екіншілері оларды өңдейді (мысалы, металлургия және ағаш өңдеу). Электр энергиясы мен жылу өндіретін және су мен газ тарататын салалар жеке топты құрайды [4].

Оңтүстік Қазақстан облысының өнеркәсібі карьерлерді қазу және кен өндіру өнеркәсібі, өңдеу өнеркәсібі, газ, бу беру және ауа баптау және электрмен жабдықтау, кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау, сумен жабдықтау салаларынан құралған.

Өңдеу өнеркәсібінің саласы: жихазды басқа ағаштан және жихазды тоздан жасалған өнімдер, тамақ өнімдерін, темекі бұйымдарын, тоқыма бұйымдарын, сусындарды, киімді өндіру; жеңіл өнеркәсіп өнімдері – бұйымдар, сабаннан өруге арналған өнімдер, қағаз және қағаздан жасалған тауарлар, химиялық өнеркәсіп өнімдерінің, мұнай және кокс өңдеу өнімдерін өндіру, пластмасса және резеңке бұйымдарын, өзге де металл емес минералды өнімдер өндіру болып табылады және металлургия өнеркәсібі мен машина жасауда қазіргі таңда дамыған.

Жалпы алғанда, өндіруші және өңдеуші өнеркәсіптен тұратын қазіргі заманғы индустрия алуан түрлі өндірістердің жиынтығы болып табылады. Өнеркәсіп өндірісі мен салаларының қаржыны, ғылымды, еңбекті, шикізатты, энергияны және суды қажет ету деңгейі әртүрлі. Өнеркәсіп өнімінің 10 % – ы (өзіндік құны бойынша) өндіруші салаға тиесілі болса, қалған өнімді өңдеуші кәсіпорындар береді. Қазіргі заманғы өңдеуші өнеркәсіп байырғы (таскөмір, қара металлургия, кеме жасау және тоқыма), жаңа (автомобиль жасау, алюминий өндіру, химиялық талшықтар мен пластмасса өндірісі) және ең жаңа салаларды (микроэлектроника, робот жасау, есептеуіш машиналар жасау, атом және аэроғарыш өндірісі және т.б.) қамтиды [5].

Сонымен қатар, өнеркәсіп өндірісі инфрақұрылымы мен орналасуы және ұйымдасуы жағынан күрделі жүйе болып келеді. Өнеркәсіптердің орналасуына әсер ететін көптеген факторлар да ел экономикасының дамуына сәйкес әрдайым өзгерісте болады. Бұл негізінен өңдеуші өнеркәсіптердің орналасуынан нақты болады.

Өнеркәсіптің жаңа салаларын орналастыруда еңбек ресурстарының сапалық көрсеткіштері (білім және кәсіби деңгейі), көлік, байланыс, экологиялық жағдай, ғылыми – техникалық әлеует шешуші рөл атқарады. Өнеркәсіптің байырғы және жаңа салалары ірі өнеркәсіпті аудандардың қалыптасуына ықпал етті. Алғашқы өнеркәсіпті аудандар (Орта Англия, Рур, Силезия, Орталық Ресей, Орал) көмір алаптары мен металлургия, тоқыма өндірісі негізінде қалыптасты. Жаңа өнеркәсіпті аудандар өндірістің күрделі сипатымен және оның орналасуына ықпал ететін факторлардың жан – жақтылығымен ерекшеленеді. Дамыған елдерде ескі өнеркәсіпті аудандардың еңбек ресурстары мен дамыған инфрақұрылымы негізінде жаңа аудандардың қалыптасуы байқалады. Өнеркәсіптің орналасуына «астаналық» фактор да әсер етеді. Жаңа индустриялық аудандар өнеркәсіптің ел астанасы мен ірі қалаларының маңында

шоғырлануынан пайда болуда. Мұндай аудандарда ғылымды көп қажет ететін ең жаңа өндірісті іске қосуға мүмкіндік бар, сонымен қатар өндірілетін өнім ірі тұтыну көзіне де бағдарланады [6].

Қазіргі таңғы өнеркәсіптік кәсіпорындар салықтық жеңілдіктері бар экономикалық аймақтарда орналасады. Сонымен қатар, өнеркәсіп өндірістердің теңіз аймақтарына орналасуы көбірек. Осының нәтижесінде кейбір портты аймақтар айналасында шеттен әкелінетін шикізаттарды бастапқы өңдеуден өткізетін өнеркәсіптік кешендердің пайда болуын көреміз.

Сонымен, өнеркәсіптердің орналасуы мен дамуы бір – біріне қарама – қайшы екі бағыттан тұрады. Біріншісі, технологиялық жағынан бірдеу өндірістерді біріктіру арқылы аймақтық – өндірістік кешендер пайда болса, екіншісі, экономикалық тиімді факторлары негізінде бір саладағы кәсіпорынды жан жаққа орналастыруды байқаймыз.

Өнеркәсіпті орналастырудың принциптері мен факторлары[7]: Өнеркәсіптің дамуы мынандай негізгі принциптерге (ережелерге) бағынады. Кәсіпорындардың орналасуы:

- аймақтың және бүкіл елдің мүддесіне сай пайдаланылатын ресурсы бар, барлық жерлерде;
- шикізат көзіне, отынға, энергияға, ғылыми орталықтарға, еңбек ресурсына және өнімді тұтынушыларға жақын жерлерде (бұл адамдардың еңбегін, материалдық ресурстар мен уақытты үнемдейді);
- қоршаған ортаны қорғау талаптарын және шет елдермен қарым – қатынас жағдайын есепке ала отырып;
- еңбек өнімділігін көтеретін өндірісті шоғырландырудың, мамандандырудың, кооперативтендірудің, құрамдастырудың және аумақтық – өндірісті үйлестірудің (кешендердің) артықшылықтарын пайдалана отырып орналастырылады.

Өнеркәсіптік қызметтің басымдық бағыттары халық шаруашылығы кешенінің (станок – аспап өнеркәсібі, электр – энергетикалық) техникалық базасын жасау мен дамытуды қамтамасыз ететін төртінші және бесінші технологиялық құрылыстар (электроника, әуеқұрылысы, автомобиль құрылысы, ХХІ ғасырдың технологиясын талдау бөліміндегі салалық ғылым) ядросын қалыптастыратын; инфрақұрылымдар (жол – коммуналдық машина құрылысы, құрылыс материалдары өнеркәсібі) саласы үшін шығарылатын өнімдер; тұрғындарды бірінші кезектегі қажеттіліктерін қанағаттандыратын (тамақ, жеңіл және текстиль, медицина өнеркәсіптері) салаларымен тікелей байланысты [8].

Өнеркәсіп өндірісі Қазақстан экономикасының өсуін анықтайды, оның үлесіне елдегі барлық ЖІӨ – нің үштен бір бөлігі тиеді. Қолайлы сыртқы конъюктура аясында соңғы жылдары өнеркәсіп өндірісі серпіні бірқатар аралықта өсті. Өнеркәсіптің өсу қарқыны төмендегідей цифрларды құрады: 2009 жылы – 2,7 %, 2010 жылы – 9,6 %, 2011 жылы – 3,8 %, 2012 жылы – 0,7 %, 2013 жылы – 2,5 %, 2014 жылы – 0,3 %, 2015 жылы – 98,4 %, 2016 жылы – 98,9 %, 2017 жылы – 107,1 % – ды құраған. Соңғы жылдардағы төменгі өсу қарқыны әлемдік дағдарыстың салдарынан бәсеңдеген.

Сонымен, өнеркәсіп өндірістерінің саясатының мақсаты жаңа техникалар мен технологиялардың және материалдардың базалық өндірістерін сақтау мен дамыту, жандандыру болуы тиіс. Осы өндірістер Қазақстанның әлеуметтік – экономикалық дамуының және мемлекет экономикасының дамуының негізін құраушысы болып табылады.

Соңғы жылдары машина жасау саласы көлемінің өсуінің жылдамдауын өндірісті дамытудағы жағымды тенденциялардың бірі ретінде санауға болады, бірақ бүгінгі даму

қарқыны сала дамуының мейлінше төмен старттық көрсеткіштеріне негізделгені мұндағы кемшілік болып отыр.

Қазіргі таңда ауыр индустрия саласы аймақтың өнеркәсіп өнімдерін өндіруде. Болашақта оның үлесі біршама өсіп, бірқатар проблемаларды шығаруда.

Қазақстанның өнеркәсіптік әлеуетін орнықтыру және нығайту процесіндегі бірінші деңгейдегі рөлді бұл саладағы тиісті мемлекеттік саясат атқаруы керек екендігі күмән туғызбайды.

Қазақстан экономикасы дамуының аталмыш сатысында технологиялық инновациямен басқару негізінде тұрақты экономикалық өсуге қол жеткізу ең маңызды мәселелердің бірі болып қалады. Бүгінде жаңаша әрекет жасау тізбегі ұзындау болып тұр, жаңаша әрекет жасау әр түрлі деңгейде және әр түрлі салада: қаржы, жабдықтау, өндіріс технологияға кіретін тар мағынадағы маркетинг, қызметкерлерді ұйымдастыру және басқару сөздері арқылы жүзеге асырылады. Инновациялық үрдістің ерекше сипаты жаңа «инновациялық циклға» өту, техникалық – технологиялықтан нарыққа өту болып тұр. Анық емес нарықтық орта жағдайындағы инновациялық қызмет ең басты құрал – өзді – өзімен бәсекелесетін кез – келген кәсіпорын үшін жоғары маңызға ие.

Стратегияны ойдағыдай жүзеге асыру экономика құрылымында сапалы өзгерістер жүргізуге мүмкіндік жасауы тиіс. Бұл адамды, өндірісті және табиғи капиталды тиімді пайдалану негізінде оның тұрақты өсуіне, Қазақстанның әлеуметтік дамуы мен қоғамдық құрылыстың жаңа деңгейге көтерілуіне алып келеді.

Соңғы жылдардағы өнеркәсіп өндірісінің тұрақты дамуы мемлекетке қоғамдағы әлеуметтік мәселелерді ойдағыдай шешуге мүмкіндік беруде. Әлеуметтік даму мүдделеріндегі жоғары дәрежелі Бүкілдүниежүзілік кездесуде (Копенгаген, 6 – 12 наурыз, 1995 жыл) қабылданған әрекет Бағдарламасында тұрақты экономикалық даму шеңберінде адамдардың әлеуметтік дамуы үшін қолайлы ұлттық және халықаралық деңгейде жағдайлар жасау жөніндегі іс – шаралар негізінде тұрақты дамудың әлеуметтік негіздері мемлекет деңгейінде қамтамасыз етіледі деп атап көрсетілген.

Мұнда қабылданған құжатта тұрақты дамудың негізгі әлеуметтік параметрлері, тұрғындардың салауатты жемісті өмірлері үшін жағдай жасау, қайыршылықты түп – тамырымен жою, жұмыссыздық деңгейін төмендету, білімге, технологияға, білім алуға, медициналық қызмет көрсетуге, ақпаратқа, қоршаған табиғи ортаны қорғауға және сақтауға, т.б. қол жеткізуге мүмкіндіктер жасау жайттары айқындалған болатын.


Нарықтық қатынастарды тереңдету сатысында болып жатқан әлеуметтік процестердің әр түрлілігі көрсеткіштер мен индикаторлардың жеткілікті толық жиынтығын пайдалануға, экономиканың жұмыс істеу тиімділігі мен әлеуметтік саясатты жүзеге асыруды айқындайтын серпінге байланысты. Тұрғындардың әл – ауқатының негізгі параметрлерін анықтайтын маңызды көрсеткіш көбінесе кіріс деңгейі болып табылады.

Оңтүстік Қазақстан облысының өнеркәсіптерінің динамикасын инновациялық дамыту негізде аймақтың әлеуметтік – экономикалық дамуына тікелей әсерін тигізеді. Сонымен бірге, аймақтың экономикалық және әлеуметтік ерекшелігін аймақтар арасындағы деңгейін ғалымдар төмендегідей қарастырған.

Соныменен, аймақтық экономиканың көрсеткіші бойынша Оңтүстік Қазақстан облысының әлеуметтік – экономикалық дамуының қарқыны мен мәселелеріне байланысты екі топты қарастырамыз:

Бірінші топқа – аймақтар, мемлекеттің азық – түлік қорын қалыптастыратын аймақтар кіреді (Оңтүстік Қазақстан, Батыс Қазақстан, Солтүстік Қазақстан, Қостанай, Ақмола, Жамбыл және Алматы облыстары).

Екінші топқа – депрессиялық аймақтар, экстремалды топырақты – климаттық, әлеуметтік – экономикалық және техникалық – технологиялық жағдайымен және қатал лимиттеу мүмкіндіктерімен экономикалық әдістері бар, сонымен қатар, экологиялық дағдарыстағы мына аймақтар кіреді. (Оңтүстік Қазақстан, Қарағанды, Маңғыстау облыстары, Қызылорда, Атыраудың ауылдық жерлері).



Сурет 1 Аймақ өнеркәсібін дамуға әсерін тигізетін көрсеткіштер

Біздің ойымызша, аймақтың өнеркәсіп кәсіпорындарының жағдайының дамуын анықтау мақсатында біз негізгі және бірнеше көрсеткіштерді ұстанғанымыз тиімдірек болып табылады (Сурет 1).

Нарықтық қатынаста орталықтан басқару мен меншікті бөлуде өзгерістер туындады. Жекешелендіру үрдісінде өндірістердің және ұйымдардың үлкен бөлігі ұжымдық меншікке өтті, оларды қаржыландырудан бюджетке түсетін күш төмендеді. Бірақ аймақтық меншікте әлеуметтік және үй – коммуналды объектілер қалды, сондықтан, мемлекеттік бюджетке түсетін жалпы күш қысқарғанмен, әлеуметтік сала толық жақсы дамымағандықтан және қажеттілік белгілі мөлшерде

қанағаттандырылмағандықтан оның қызметі мемлекеттік бюджеттің күшін өсірді, ол өз кезегінде мемлекеттік бюджеттің шығынын көбейтті.

Біздің ойымызша, мемлекеттің экономикалық реформасы және оның ішінде аймақтардың дамуы өндіріс өнеркәсіптерін басқарудың келесі негіздерімен анықталады:

- нарықты экономикада мәні мен әдістеріне байланысты реформаны басқару, әсіресе мемлекеттік реттеуде өнеркәсіп өндірістерін дамыту мақсатында салынатын салықтарды жеңілдету, несие саясатының әдістері, бағытты бағдарламалар және т.б. қамтамасыз ету;

- мемлекет экономикасын дамытып жандандыруда бағытты басқару – ол елде болашақта өндірістердің құлдырауын болдырмау, тоқтап тұрған кәсіпорындары бар аймақтардың негізгі мәселелері жұмыссыздыққа, әлеуметтік мәселелердің шиеленісуіне соқтырады, ол сол жерде халықтың өмір сүру деңгейіндегі теңсіздікке, тұтыну көлемінің кемуіне, экспорттық мүмкіншіліктердің азаюына, ғылыми – техникалық әлеуетің төмендеуіне әкелуі мүмкін. Бағытты басқару мақсатты түрде мемлекеттің өндірістердің жұмыс істеуіне түрлі көмек беру;

- бағытты түрде елде реформаны дамытуды басқару – ол құрылымды инвестициялық және өнеркәсіп саясатының басымдықтарын анықтау арқылы шетел және отандық инвестицияларды тарту;

- бюджет алдында барлық меншіктердің теңдігі.

Бірінші және төртінші негіздер макроэкономикалық әдістермен іске асырылады. Екінші және үшінші негіздер бағытты бағдарламалар негізінде іске асырылады.


Соныменен, өнеркәсіптерді стратегиялық дамыту, өндірістік қызметті, экономикалық жүйелерді мақсатты бағытталған басқаруды жетілдіру. Өнеркәсіптік кәсіпорындар, соның ішінде әр түрлі әлеуметтік – экономикалық жүйелер қолданылатын инновацияларды дамытуға, аспектілері кәсіпорындардың өндірістік қызметінің ажырамас ерекшелігі негізі болып табылады.

Өнеркәсіптік өндірістердің стратегиялық дамуының негізгі ерекшеліктеріне оның алғышарттары, факторлары, қорлары, ресурстар мен нәтижелері болып табылады. Ол Сурет 2 – те келтірілген.

Алғышарттар – қандайда бір шешім қабылдау үшін шынайы және бастапқы нүктесі болып табылатын жорамал. Шарттар – бұл олармен тікелей қарымқатынаста болатын, экономикалық объектілер мен процестерді зерттеу негізі. Факторлар – бұл бастапқы компоненттер, процесс, кез келген құбылыстардың маңызды мән жайлары.

Сонымен, өнеркәсіп өндірісін стратегиялық дамытудың маңызы оның ұтымды бірінғай элементтерінің үздіксіз сапалы өзгерісі, ішкі және сыртқы қарымқатынасты жаңарту негізінде өнеркәсіптік және инновациялық процестерді іске асыру және өнеркәсіпті толық тұрақты дамыту болып табылады.

Ғылыми – техникалық прогрестің өркендеуі және ғылыми сананың өзгеріп, жаңа талаптарды қажет етіп отыруы, әлеуметтік – экономикалық өмірдің барлық саласындағы көлемді, терең және радикалды өзгерістерді – барлығы да жаңа негіздер мен әдістерді зерттеуді, концептуалды аппаратты, сонымен қатар экономикалық ғылымды да іздеуді қажет етеді [9].




Сурет 2 Өнеркәсіп өндірісін стратегиялық дамытудың сипаттамасы

Аймақтың өнеркәсібін дамыту мәселелері өндірістердің ішкі және сыртқы нарықта бәсекелі, инновациялық, алғышартты, сұранысқа сай өнімдерді өндіргенде шешілетіндігі негізделді.

Зерттеу әдістері

Оңтүстік Қазақстан облысының өнеркәсібі республикалық өндірістегі үлес салмағы 2012 – 2016 жылдар аралығында жоғарлады. Облыс өнеркәсібінің үлес салмағының жоғарлауы өнеркәсіптерде шығарылатын өнімге деген сұраныстың болуы, ескірген технологиялар, бәсекелестіктің төмен болуы, шығарылған өнімді нарықтарда өткізуі негізінен болған. Оңтүстік Қазақстан облысы өнеркәсібі салаларының республикалық өнеркәсіп салаларының өндірісіндегі үлес салмағы 2012 жылы 2,8 % – ға, 2013 ж. – 2,6 %, 2014 ж. – 2,4 %, 2015 жылы 2,9 %, 2016 жылы 2,9 2,9 % құрап, жылдан жылға көрсеткіштен жоғары (Сурет 3).



Сурет 3 Оңтүстік Қазақстан облысының салаларының республика бойынша өнеркәсіп салаларының өндірісіндегі үлесі, % – бен (2012 – 2015 жылдарғы мәліметтер бойынша)

Кесте 1 2012 – 2015 жылдары Оңтүстік Қазақстан облысының Қазақстан Республикасында индустриялық – инновациялық дамуындағы орнын сипаттайтын негізгі көрсеткіштер, (%)

Өнеркәсіп өнімдерінің түрлері	Оңтүстік Қазақстан облысының Республикалық инновациялық өнім өндірудегі үлес салмағы, (%)			
	2013 ж.	2014 ж.	2015 ж.	2016 ж.
Инновациялық өнім көлемі	5,8	5,7	7,7	1,6
Қазақстан Республикасынан сыртқа шығарылған инновациялық өнім көлемі	5,5	6,4	2,0	2,0
Технологиялық инновацияның жалпы шығыны	3,2	3,0	3,1	3,2
Инновациялық белсенді кәсіпорындар	2,8	2,57	2,28	3,8
Ғылыми – зерттеу, жобалық – конструкторлық бөлімдер	3,7	2,7	1,7	1,6
Ғылыми зерттеулер мен әзірлемелер орындаған қызметкерлер саны	2,24	2,18	1,98	1,59
Ғылыми – техникалық жұмыстардың көлемі	1,2	0,7	0,8	0,8

ОҚО – ның ҚР – ның индустриялық – инновациялық өнім көлеміндегі үлес салмағы 2013 – 2016 жж. аралығында төмендеген. Сонымен бірге, қарастырылып отырған кезеңде ОҚО – ның республиканың индустриялық – инновациялық дамуындағы үлес салмағының барлық көрсеткіштер бойынша төмендеген (Кесте 1).

Өнеркәсіп өндірісіне салынған инвестициялар көлемі қаржыландыру көздерін республикалық және облыстық бюджет, инвесторлардың жеке қаржылары, қарыз қаржылар құрайды.

Кесте 2 2011 – 2015 жылдар бойынша Оңтүстік Қазақстан облысындағы қаржыландыру көлемі және көздері

Қаржыландыру көлемі және көздері, млрд. теңге	Жылдар				
	2011	2012	2013	2014	2015
Республикалық бюджет	59,1	118,4	112,6	87,8	74,2
Облыстық бюджет	50,2	55,5	47,9	48,1	51,0
Жергілікті бюджет	13,6	14,4	13,7	18,0	20,6
Өзге де көздер	56,0	39,2	11,4	178,6	312,9
Барлығы	178,9	227,5	185,6	332,5	458,7
Ескерту – ОҚО Статистика басқармасының мәліметтері негізінде дайындалды					

2013 – 2015 жылдар аралығында Оңтүстік Қазақстан облысындағы өнеркәсіптік өндіріс көлемі бағамен есептегенде 1,2 есеге өскен, ал әкімшілік – аумақтық бірлік тұрғысынан алғанда, өнеркәсіптік өндіріс бойынша: Бәйдібекте 9,4 % – ға, Отырарда 58,2 % – ға, Сайрамда 34 % – ға төмендеген (Шымкент қаласы шекарасының кеңеюіне байланысты 6 ауылдық округ қала құрамына өткен). Өнеркәсіптік өнім дамуының жоғарғы қарқыны: Төлеби – 1,8 есе, Ордабасы – 1,5 есе, Сарыағаш – 1,3 есе аудандарында, Шардара – 1,3 есе, Түркістан – 1,7 есе, Шымкент – 1,4 есе, Кентау қаласында – 1,4 есе байқалады (Кесте 3).

Кесте 3 2013 – 2015 жылдардағы Оңтүстік қазақстан облысы өнеркәсіптерінің даму динамикасы

Көрсеткіштер атауы	Өнеркәсіп өндірісінің көлемі, млрд. теңге			Нақты көлемінің индексі, өткен жылға % – бен			Өнеркәсіп құрылымындағы үлесі, %		
	2013	2014	2015	2013	2014	2015	2013	2014	2015
Өнеркәсіп	496,8	552,6	604,0	106,5	102,3	104,6	100	100	100
Тау – кен өнеркәсібі	140,2	146,0	149,4	109,6	108,6	107,3	28,2	26,4	24,7
Өңдеу өнеркәсібі	312,9	355,3	397,4	103,5	100,2	102,8	63,0	64,3	65,8
Электрмен жабдықтау, газ беру, бұмен – ауамен ауа баптау	37,6	42,4	48,7	113,2	95,6	110,3	7,6	7,7	8,1

Облыстың өндірістік салалық және функционалдық құрылымының, нақты сектордың айтарлықтай дамып, жанданып келе жатқанын, сондай – ақ өнеркәсіпте жаңару, толығу, кеңеюі сияқты оң өзгерістердің біртіндеп қалыптасып жатқандығын байқалады.

Зерттеу нәтижелері

Зерттеу негізінде аймақ өнеркәсібін дамуға әсерін тигізетін көрсеткіштері, өнеркәсіп өндірісін стратегиялық дамытудың сипаттамасы және аймақ өнеркәсібінің даму жағдайы мен мемлекет деңгейдегі үлесі анықталды.

Қорытынды

Жұмысты қорытындылай келе Оңтүстік Қазақстан облысы өндірісінің дамуында Қазақстан аймақтары арасында соңғы қатардан орын алатындығын, үлес салмағының төмен екендігін және соңғы жылдары өсу қарқыны төмен болғанын жоғарыдағы статистикалық мәліметтерден байқаймыз.

Әдебиет:

1. Назарбаев Н.Ә. «Қазақстан 2050 Қазақстан» стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Қазақстан халқына Жолдауы – 2012 – 41 б.
2. Қазақстан Республикасы Президентінің ресми сайты. Электронды ресурс. Қолжетімділік режимі: http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/meetings_and_sittings/page_213613.
3. Востриков, А. В. Проблемы и перспективы развития производства автокомпонентов, как звена в производстве автомобилей [Текст]/ А.В. Востриков// Вектор науки ТГУ, 2011. – № 3 (17), с. 158 – 163.
4. Садыков А.С. Модернизация экономики Казахстана: теория, тенденции и механизмы. – Шымкент, 2012. – С.56.
5. Анпилов, С.М. Ключевые факторы устойчивого развития современных предприятий [Текст]/ С.М. Анпилов // Вопросы экономики и права. – М. – 2012. – №4 (48). – с. 40 – 45.
6. Курмангалиев С. Г. Решение приоритетных направлений развития перерабатывающей промышленности – путь улучшения эффективной деятельности пищевого кластера / С.Г. Курмангалиев // Пищ. и перераб. пром – сть Казахстана. – 2007. – № 3. – С. 26 – 29.
7. Алимбаев А.А., Притворова Т.П. Экономический потенциал региона: оценка, пространственная организация, перспективы размещения деятельности в экономике нового качества. Караганда, 2009 г. – 352 с.
8. Алимбаев А.А., Притворова Т.П. Стратегическое планирование развития региона в мировой, национальной и региональной экономических системах, Караганда, 2008 г. 385 с.
9. Каренов Р.С. Приоритеты стратегии индустриально – инновационного развития горнодобывающей промышленности Казахстана. – Астана: Изд – во КазУЭФМТ, 2010. – 539 с.
10. ҚР өнеркәсібі Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрлігі Статистика комитеті статистикасы комитеті – 2016.
11. Оңтүстік Қазақстан облысының өнеркәсібі. Оңтүстік Қазақстан облысының Статистика департаменті 2010 – 2015.